



ЖМЖБ ның ТЕХНОГЕНДІ ЖӘНЕ ТАБИҒИ АПАТ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ПРИНЦИПТЕРІ

**М.Ғ.К., доцент Ахметова Г.Ж.
Жедел жәрдем беру кафедрасы**



Төтенше жағдайларда ЖМЖБ ның жұмысы КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫМЕН іске асады

- 07.05.1997ж.№100-1
«Азаматтық қорғаныс туралы» ҚР ның
Заңы**
- 5 бап. Тұрғындарды, территорияларды,
және шаруашылық объектілерді табиғи
және техногенді төтенше жағдайлардан
Азаматтық қорғау іс шаралары**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

- ❑ «Тбиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» 05.07.1996ж.
- ❑ «авариалы-құтқару қызметі мен құтқарушылар статусы туралы» 27.03.1997ж.
- ❑ ҚР Министрлер Кабинетінің Қаулысы №275 «Қазақстан Республикасының азаматтық қорғанысын нығайту іс шаралары туралы»,
- ❑ №50 «Төтенше жағдайларда тұрғындарды және төтенше жағдайлар ісі жөніндегі мамандарды ақпараттандыру, білімін арттыру, оқыру Ережелері туралы» 17.11.2003ж. ҚР Үкіметімен бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ




- **17.06.2010 №608 Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуімен «Төтенше жағдайларда көрсетілетін медициналық жәрдем түрлері мен көлемі жайлы».**

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ – бұл белгілі бір территорияда аварияның, қауіпті табиғат көріністерінің, катастрофалардың, түрлі апаттардың салдарынан пайда болып, адам өлімі мен оның десаулығына немесе табиғи ортаға , зиян тигізетін сондай ақ едәуір материалдық шығындарға әкеліп өмір сүру деңгейін төмендететін ауыр жағдай.

ТЖ пайда болу көзі мен масштабына қарай жіктеледі .

ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ




1. Геологиялық (жер сілкінісі, сел, құздың құлауы, лавины);
2. Метеорологиялық (жел, құйын, боран, шторм, найзағай түсу,);
3. Гидрологиялық (топан су басу);
4. Өрт (орманды);
5. Жаппай ауру (инфекциялық аурулар).


ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ КРИТЕРИЛЕРІ

- ❑ **Геологиялық:** құздың құлауы, обвалы, жер қабатының жыртылуы
- ❑ **Метеорологиялық:** күшті жел, ірі бұршақ, қатты жауын (нөсер), қалың қар, боран, көк тайғақ, күшті аяз, аптап ыстық, соқыр тұман, шаңды бұрқасын жел
- ❑ **Гидрологиялық қауіпті құбылыстар:**
 - А) судың жоғарғы деңгейі
 - Б) сел, топырақтың көшуі
 - В) лавины
- ❑ **Инфекциялық аурулар** (оба, тырысқақ, геморрагиялық қызба, ботулизм, бөртпе сүзегі, сібір жарасы, құтыру, туляремия, қырым геморрагиялық қызбасы, Эбол қызбасы).

ТЕХНОГЕНДІ АПАТТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ



**ТЕХНОГЕНДІ
АПАТТАР**



1. Ғимараттар мен үйлердің қирауы мен құлауы;
2. Өндірістік және транспорттық қақтығыстар;
3. Энергия торабындағы замыкания және жарылғш сұйықтықтары бар ыдыстардың герметикалығы бұзылғанда болатын жарылыстар мен үлкен өртенулер, ;
4. химиялық уландырғыш заттармен зақымдау ошақтарының пайда болуы;
5. Обвалы и оползни;
6. плотина, дамба, селтоқтатқыштардың қирауынан су басу .

ТЕХНОГЕНДІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ КРИТЕРИЛЕРІ

❑ **Транспорттық апаттар :**

А) темір жол транспортында

Б) автожолдарда

В) автокатастрофарар және инциденттер

Г) су жолы көліктерінде

❑ **Өндірістік апаттар мен жағдайлар:**

А) өндіріс объектілеріндегі авариялар

Б) қауіпсіздік техникасының бұзылуы (өрт, жарылыс, СДЯВ)

ТЕХНОГЕНДІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ КРИТЕРИЛЕРІ

- **Өрттер, жарылыстар, от пен газдың оқыс атылуы:**
 - А) өндіріс объектілерінде**
 - Б) энергетикалық жүйелер мен энергоблоктарда**
 - В) шахталарда, жер асты және таулы жыныстарда**
 - Г) социальді-тұрғын үй ғимараттарында**
 - Д) ауыл шаруашылық объектілерде**
 - Е) көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда**
 - Ж) жарылғыш заттарды залалсыздандырғанда болатын жарылыстар**
 - З) жарылғыш заттарды тауып алу**

АПАТ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

ҚР ДМ апат медицинасының қызметі (АМК) – табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларда зардап шегушілерге шұғыл медициналық көмек пен санитарлық-эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру (профилактикалық), зардап шегушілердің денсаулығын сақтау және қалпына келтіруге бағытталған күш пен шаралардың жиынтығы ;

АМҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ЖҮЙЕСІ

- ❑ ТЖ зардап шеккендерге көрсетілетін шұғыл медициналық көмектің АМҚ ұйымдастырылу жүйесінде екі этапты жүйесі бар.
- ❑ Алғашқы этапта мамандандырылған көмек элементтерімен алғашқы дәрігерлік көмек ағзаның витальді қызметін қалпына келтіруге және медициналық эвакуацияны ұйымдастыруға негізделген;
- ❑ Екінші этапта апат ошағынан шалғай орналасқан денсаулық сақтау мекемелерінде зардап шеккендерді жаппай қабылдау және шұғыл мамандандырылған медициналық көмекті көрсетіп, оларды белгілі бір нәтижеге дейін емдеу жатады.

АПАТ МЕДИЦИНАСЫ

ҚЫЗМЕТІНІҢ ПРИНЦИПТЕРІ

- ❑ Медициналық сұрыптау АМҚ нің негізгі ұстанымдарының бірі олып табылады, себебі ол өте көп зардап шегушілерге жергілікті денсаулық сақтау ұйымының күші мен жағдайы жетпегенде медициналық көмекті уақытында және дұрыс көрсетуді қамтамасыз етеді.
- ❑ Шұғыл медициналық көмектің уақтылылығы, үздіксіздігі, және эффективтілігі көптеген зардап шегушілердің мірін, денсаулығын сақтап қалуға, мүгедектікті азайтуға, өлім көрсеткішін азайтуға көмектеседі.
- ❑ Тұрғындарды, басқа да мамандық иелерін ТЖ зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге дайындау :

ТЖ ЖМЖБ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

**ВЫЗОВОВ ЧС
(4 И БОЛЕЕ ПОСТРАДАВШИХ ИЛИ 1 СМЕРТЬ)**

**ДИСПЕТЧЕР ПО ПРИЕМУ ВЫЗОВОВ ОТ НАСЕЛЕНИЯ ЗАПИСЫВАЕТ
ДАННЫЕ О ПРОИСШЕДШЕМ С УКАЗАНИЕМ АДРЕСА МЕСТА
ПРОИСШЕСТВИЯ, НОМЕРА ТЕЛЕФОНА,
ФАМИЛИИ, ИМЕНИ ВЫЗЫВАЮЩЕГО**

СТАРШИЙ ВРАЧ КОНТРОЛЯ ИОДО

**БАС
ДӘРІГЕР**

**ЗАВ. ГЛАВ.
ВРАЧ
ПО ГО И ЧС**

**ТЖ
КЕЗЕКШІСІ**

**ГУВД
КЕЗЕКШІС
I**

МЕДИЦИНАЛЫҚ СҰРЫПТАУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ СҰРЫПТАУ – зардап шегушілерді емдеу-профилактикалық және эвакуациялық шараларды ескере отырып, медициналық көрсеткіштеріне және жағдайына байланысты топтарға бөлу әдісі.

Сұрыптау ТЖ болған жерде алғашқы медициналық көмек көрсетіле бастағаннан бастап зақымдану ошағынан шет госпитальді этапқа дейін, сондай ақ зардап шегушілер емдеу профилактикалық мекемеге түскен соң олардың толық медициналық көмек алып, нәтижесі болғанға дейін жүргізіледі.

МЕДИЦИНАЛЫҚ СҰРЫПТАУ

ЖМЖБ медицина мамандары алғашында таңдамалы сұрыптау жүргізу қажет :

- ❑ қауіпті зардап шегушілерді анықтау**
- ❑ содан соң жүгіріп қарап медициналық көмекке өте мұқтаж (сыртқа қан кету, асфиксия, тырысулық жағдайлар, босанушылар, балалар т. б.) зардап шегушілерді іріктеу.**
- ❑ приоритет остается за нуждающимися в неотложной медицинской помощи.**

МЕДИЦИНАЛЫҚ СҰРЫПТАУ

Таңдап сұрыптау әдісінен кейін бригада зардап шегушілерді біртіндеп қарауға көшеді.

Бригада бір уақытта екі зақымдалушыны қарайды: біреуінде дәрігер, медбике, тіркеуші, ал екіншісінде-фельдшер (медбике мен тіркеуші). Дәрігер 1-ші зақымдалушы жайлы сұрыптау шешімін қабылдап, 2-не көшіп ол туралы мәліметті фельдшерден алады. Тағы шешім қабылдап 3-ші зақымдалушыны медбикеден мәлімет алып қарайдым. Фельдшер бұл уақытта 4-ші зақымдалушыны қарайды т.с.с. Сұрыптау маркасына байланысты тасым аушылар звеносы дәрігер шешімін іске асырады.

Бұндай "конвеерлік" әдісте бір сұрыптау бригадасы бір сағат ішінде 30-40 дейін тасымалданушы зақымдалушыларды травматологиялық профилмен немесе СДЯВ зақымдалушыларды (шұғыл мед көмек көрсетіп) сұрыптай алады.

5 Сұрыптау тобы

- I** сұрыптау тобы: өте ауыр зақым алғандар, өмір сүру мүмкіндігі аз, сондай ақ тек симптоматикалық емді қажет ететін терминальді жағдайдағы (агональді) науқастар. Болжамы қолайсыз.
- II** сұрыптау тобы: ағзаның өмірге қажетті ағзалардың қызметінің үдемелі төмендеуімен жүретін қауіпті ауыр зақымғандар алғандар, және шұғыл емдік-профилактикалық шараларды қажет етеді. Болжамы егер уақытында көмек көрсетілсе қолайлы болуы мүмкін. Бұл топтың науқастары өмірлік көрсеткіштеріне байланысты шұғыл көмекті талап етеді.
- III** сұрыптау тобы: өміріне қауіп төнбеген ауыр және орташа ауырлықта зақым алғандар, оларға көмек екінші кезекте немесе медициналық эвакуация этабының келесі кезеңіне шегерілуі мүмкін.
- IV** сұрыптау тобы: функциональді өзгерістері шамалы немесе жоқ орташа ауырлықта зақым алғандар
- V** сұрыптау тобы: амбулаторлы емді ғана қажет ететін жеңіл зақым алғандар.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ТҮРЛЕРІ

- алғашқы медициналық көмек
- Дәрігерге дейінгі көмек
- алғашқы дәрігерлік көмек
- мамандандырылған медициналық көмек
- Арнайы медициналық көмек

АЛҒАШҚЫ ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК КӨЛЕМІ

- ❑ Қан кетуді тұрақты тоқтату;
- ❑ Шокпен күрес (ауру сезімін басатын, жүрек-қан тамыр препараттарын енгізу, новокаинді блокада, транспорттық иммобилизация, шокқа қарсы және қан алмастырғыш сұйықтықтарды құю);
- ❑ Тыныс жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету (трахеотомия, трахея интубациясы , тілдің фиксациясы);
- ❑ Ашық пневмоторакста окклюзионды таңғыш қою және т.б.; жасанды тыныс (қолда бар заттармен және аспаптық әдістер арқылы);

Алғашқы дәрігерлік көмек

- ❑ Жүректің жабық массажы ;
- ❑ Таңғышты қайта дәкемен орау, иммобилизацияны түзеу, транспорттық ампутацияны жасау (теріге ғана ілінген аяқ-қолды кесу); зәр жүрмегенде қуықты катетерлеу немесе пункциялау ;
- ❑ антибиотиктерді, сірепеге қарсы анатоксинді, сіреспеге қарсы және гангренаға қарсы сарысуды т.б енгізу . жарада инфекцияның көбеюіне қарсы заттарды енгізу;
- ❑ Акушерлік-гинекологиялық көмек (гемостаз, жараны тазалау , уақытынан бұрын босануды қабылдау, жүктілікті сақтап қалу іс шараларын жүргізу);
- ❑ Зардап шегушілерді медициналық эвакуацияға дайындау.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭВАКУАЦИЯ

Медициналық эвакуация – апат орнынан медициналық көмек пен емді қажет ететін зардап шеккендерді басқа жаққа көшіру іс шаралары.


Апат ошағынан зақымданғандарды ұйымдастырылған түрде шығару, тасу, көшірумен басталып алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, толық мед көмек пен тұрақты ем қолданатын екіншілік медициналық этап емдеу мекемеге жеткізу болып табылады.

ТЖ ШАҚЫРТУҒА БАРАТЫН БРИГАДАНЫҢ ІС ӘРЕКЕТІ

- ❑ Ошаққа жеткен соң авариялық- құтқару қызметкерлеріне немесе объектідегі қалалық, аудандық ҚІІБ (ГУВД) хабар береді. Олардың бұйрығы бойынша бригада тұрақтайтын орынды анықтау;
- ❑ Зардап шегушілер саны жөнінде мағлұмат алып, оларға жасалатын көмек пен сұрыптауды ұйымдастыру. Әр 30 минут сайын есеп беру! Осы іс шаралар аяқталған соң ИОДО контроль бас дәрігеріне есеп беру;
- ❑ Авариялық-құтқарушы қызметпен контактта болған апат болған жерге жеткен бірінші бригада ошақта жетекші бригада болады;
- ❑ Аға дәрігер апат ошағынан соңғы кетеді.

ООИ КЕЗІНДЕГІ ЖМЖБ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

- Шақыртудағы бригададан ОИИ туралы мәлімет түссе ИОДО аға дәрігері қорғаныс костюмдері мен шақырту орнында материал жинауға арналған заттарды жеткізуді ұйымдастырады.
- Егер шақырту ДГСЭН нен келіп түссе, бригада шақырту орнына қорғаныс костюмінде, материал жинайтын заттарымен барады



Ф. 30, 100 ДИАГНОСТИКАЛАНҒАНДА ЖМЖБ БРИГАДАСЫНЫҢ ІС ӘРЕКЕТІ

- ❑ Науқаста Форма 30 (тырысқак), 100 (оба) ні күдіктенген бригада, дереу ИОДО аға дәрігеріне өз күдігі жайлы хабарлау керек;
- ❑ Науқастың пәтерін бекітіп, ешкімді кіргізуге де шығаруға да болмайды;
- ❑ Науқастың барлық бөлінділерін беті жабылатын шелекке немесе басқа ыдысқа жинап, оны төкпеу керек;
- ❑ Науқасқа жанасқан адамдардың барлығы қолдарын мұқият сабындап жуып, сырт киімін шешіп, ластанған киімдерді қапқа жинау қажет;

Ф. 30, 100 ДИАГНОСТИКАЛАНҒАНДА ЖМЖБ БРИГАДАСЫНЫҢ ІС ӘРЕКЕТІ

- ❑ Телефонмен аға дәрігермен сөйлескенде диагнозды айтпай, Форма 30,100 ге күдігіңіз бар екенін хабарлау;
- ❑ Бригаданың келесі іс әрекеті ИОДО аға дәрігерінің нұсқауымен іске асырылады;
- ❑ Брига нақты мекен жайды, науқастың А.Т. Ә, қатынаста болғандар туралы мәліметті анықтау керек ;
- ❑ ООИ науқасын тасымалдауды жүргізу. Науқасты машинаға салуға бригада (жүргізушісіз) және контактта болғандар көментескені жөн.

СДЯВ КЕЗІНДЕ ЖМЖБ ІС ӘРЕКЕТІ

- ❑ СДЯВ жайлы шақырту түссе аға дәрігер ошаққа баратын бригаданың иструктажын жүргізеді, егер жаппай улану болса қорғаныс костюмдері мен противогаздар, «НЕПРИКОСНОВЕННЫЙ ЗАПАС» жәшігін алуды тапсырады;
- ❑ Қажет болса По необходимости старший врач 03 дәрігері апат орнына выезжает на место происшествия для руководства ликвидации последствий.

СДЯВ КЕЗІНДЕ ЖМЖБ ІС ӘРЕКЕТІ

- ❑ ИОДО аға дәрігерінің нұсқауымен, шұғыл қорғаныс костюмдерін, укладкаларды егу бөлмесінен алып, киініп СДЯВ зақымдану аймағына бару (зақымдану ошағының ішкі шекарасы);
- ❑ Барлық жағдайларда ЖМЖБ қызметкерлеріне тұрғын және өндірістік ғимараттарға, жертөлелерге және басқа орындарға кіруге рұқсат жоқ;
- ❑ Зақымданушылардың ошақтан эвакуациясын өрт сөндіру бригадасы, немесе құтқарушылар жүзеге асыруы қажет.



СДЯВ КЕЗІНДЕ ЖМЖБ ІС ӘРЕКЕТІ

- ❑ Ошаққа келген соң зақымданушыларға қажет көмек көрсетіліп, оларды емдік мекемелерге таымалдау ұйымдастырылады.
- ❑ Ошаққа бірінші жеткен бригада жетекші болып, зақымданушыларды тізімге алып, А. Т.Ә., тұрғылықты мекен жайын, диагнозын, қай емдік мекемеге жеткізілгенін толырады;
- ❑ Болып жатқан жайттар туралы әр 30 минут сайын аға дәрігерге баяндап тұрады .

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

- 1. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды атап беріңіз?**
- 2. форма 30 ға күдіктенгенде ЖМКБ ның іс әрекеті?**
- 3. ТЖ жедел медициналық көмек бригадасы қандай көмек көрсетеді?**